

ҚАНАТЫҢ ТАЛМАСЫН, МАҚПАЛ

Халқымыздың көшпенді өмірімен қашаннан бірге жасасқан салтанатының бірі - құсбегілік. Оның ішінде құсбегілік пен атбегілікті ертеде ата-бабаларымыз, сал-серілеріміз, зиялы азаматтарымыз қастерлеп, құрметтеген. Онымен айналысатын адамның бойына ептілік, төзімділік, батылдық сияқты асыл қасиеттер дари білген. Қазақ халқының ата салтының бірі - осы құсбегілік деп айтуға болады.

Ит жүгіртіп, құс салып, аң аулау халықтың арман тілегімен, тыныс-тіршілігімен астасып жатқан өнердің бір тармағы іспеттес.

"Қансонарда бүркітші шығады аңға,

Тастан түлкі табылар аңдығанға.

Жақсы атпен тату жолдас бір ғанибет,

Ыңғайлы, ықшам киім аңшы адамға - деп Ұлы Абай жырлағандай халқымыздың құсбегілік өнерін дамыту, Республика көлеміне танытып, тұңғыш рет ауданымызда "Салбуырын" сайысын ұйымдастырған атақты құсбегі Тілеуқабыл Есенбековтың іскерілігі, сірә ұмытылмас. Оның жолын қуып, осы өнерге ден қойған ауыл азаматтары Мұрат Әбдіразақов, Төлеген Әбдікәрімов, Әбіш Төребековтердің

ықыласы адам қызығарлықтай. Осы сайысқа сонау Еуропадан Англия, Германия басқа да шет елдерден қатты қызығушылық танытқан азаматтар ат сабылтып келіп қатысқаны, көңілге үлкен демеу салғаны белгілі. Олар бұл өнерге қызығып қана қоймай, кинофильмдер түсіріп, фотоальбомдар, кітаптар шығарып, шет ел халқына насихаттап жатуының өзі ұлттық мұрамыздың өшпей қалғанын көрсеткендей. Тіпті шет елдерде құсбегілікті дамыту тұрғысында докторлық диссертация қорғап, еңбектер жазуы үлкен мәртебе. Ал, біздің қазақ жерінде ұлттық өнерімізге қырын қарайтынымыз тіпті өкінішті. Өлі

күнге дейін қолдау таппай отырғаны белгілі. Мәселен облыс орталығындағы "Қайрат" ат спорты мектебінде құсбегілер даярлайтын үйірме бар екені белгілі.

Осымен жүйелі айналысып, тіпті жеке мектеп ашсақ деп құлшыныс танытып отырған азаматтардың кездеспеуі көңіл құлазытады. Ауданымызда Тілеуқабыл ағаның ісін жалғастыратын бір адамның табылмауына қайран қаласың. Ер азаматтармен қатар құсбегілік өнерді мұрат тұтып, облыс бойынша құс салып аң аула-

латын. Жас қыз мұнымен шектеліп қана қоймай, жыл сайын дүбірлі жарыстарға қатысып, бағын сынап қайтқан. Оның алдына қойған арманы да асқақ. Сол арманының орындалғаны болар Мақпал бүркітшілікті өзіне серік етіп, жүрегі қуаныштан алып ұшқанын, биікке ұмтылғанын көрген ата-анасы да бірге қуанған.


Төрт мәрте Қазақстан Республикасының чемпионы, құсбегілік өнердің шебері атанған Мақпал Мұратқызының жеткен жетістігі өз алдына бір төбе. Жақында Мақпал Алматы облысы, Еңбекшіқазақ



ауданы, Нұра ауылының Шеңгелсу өңірінде қараша айының 29-ы мен желтоқсан айының 1-і күндері аралығында өткен құсбегілер сайысына қатысып келген. Бұл осы облыстағы Жағда Бабалықұлы атындағы және Жалайыр Шора құсбегілік мектебінің құрылғанына 10 жыл толуына, құсбегілік өнердің Қазақстан бойынша басталғанына 20 жыл толуы құрметіне арналып өткізілген үлкен жарыс болатын. Әрине, бұл жарыста бүркітші қызымыз бос қайтпай, жүлдені қанжығасына байлап қайтқан.

Жүлдегер қызымыздың жетістігімен танысу кезінде ол да өз ойын білдірген болатын.

- Халқымыздың тел өнері құсбегілік, саяткерлік, аңшылық ерте заманнан, ата-бабаларымыздан бізге мұра боп жеткені белгілі. Әкемнің қыран құсты баптап, саятшылық құрғаны мені қызықтырғаны сондай, өзімнің қыз бала екенімді де ұмыттырып жібергендей. Ылғи да әкемнің соңынан ілесіп кететінмін. Сол киелі өнер өзіне баурап алды, осыны білсем, үйренсем деген арман бойымды биледі. Талай рет құсбегілер жарыстары-



на қатысып, жүлделерге ие болдым. Әрине ер азаматтардың өзі қыран құсты ұстамақ түгілі жанына бара алмайтыны жасырын емес. Қыранды күтіп, баптап, мәпеле-сең ол да саған бірден бауыр басып кетеді. Биылғы жарысқа барғанда көңілім өсіп, марқайып қайттым. Өйткені менен үлгі алды ма, әлде қызығушылығы басым болды ма, Семей облысы, Аягөз қаласынан Индира есімді қыз келіп,

уды кәсіп еткен қыз баланың тұңғыш рет ауданымыздан шығуы біз үшін қуанышты. Өңгімемізге арқау болып отырған мақтанышымыз, бүркітші қыз Мақпал Мұратқызы Әбдіразақованы білмейтін жан жоқ шығар. Облысқа, республикаға аты танымал болған жас Мақпалдың алдына қойған мақсат, мұраты да биік. Жас кезінен әкесі Мұратқа еріп, бүркіт алып, аңға шығатын. Құдіреттілігі сонда, жас қызды бірден баурап алған. Ол бұл өнерге өзінің шын ықыласымен, ынтасымен берілгендігін де сезбей қалған. Әкесімен бірге қыран құсты күтіп, баптап, жанынан шықпайтын. Бүркіт те сақ құс қой, өзін мәпелеген аялы алақанды сезгендігі болар, Мақпал жанына тақалса болды, шаңқылдап, қанатын қомдай түсетін.

2000 жылдан киелі өнерді өзіне серік еткен жас қыз 2002 жылы әкесімен Алматы қаласындағы құсбегілер жарысына қатысып, арнайы жүлдемен оралған бо-

жарысқа қатысып қайтты. Қатарымның толыға түскенін әрине, мен де қалаймын. Қазір өзіммен бірге оқыған, жерлесім Жансая Сағадиева осы өнерге ден қойып, менен көмек сұрауда. Әрине, бұл да мен үшін үлкен қуаныш. Оған әркез көмек беруге даярмын, - деп ағынан жарыла кетті.

Иә, жас бүркітші қыздың арман тілегі, қуанышы да бір-бірімен астасып жатқандай. Бүркітші қыздың "Сонар-2007" республикалық байқауынан көңілі тасып оралғанын көзінен анық аңғарғандайсың. Оның жанарынан өжеттілік, батылдықты бірден байқайсың. Қолына қыран құс қондырған жас қыз алысқа ұзап бара жатты. Артынан қызықтап қарап тұрған біздер, талабың өрлей берсін, қанатың талмасын, биіктен самғай бер деген тілекті іштей тіледік.

С.ЖОСАЛБАЙ.